объёме до её подписания; (ii) согласие с условиями настоящей Спецификации в том виде, в каком они изложены в ней на дату подписания, включая изменения и дополнения, внесённые в типовую форму при заключении настоящей Сделки в порядке пункта 24.6 Генерального соглашения; (iii) отсутствие иных договорённостей по условиям настоящей Сделки, не отражённых в настоящей Спецификации. Любые устные и иные договорённости, не отражённые в настоящей Спецификации, не имеют юридической силы/ Клиент (Сатып алушы) пен Контрагент (Сатушы) осы Спецификацияға қол қою арқылы мыналарды растайды: (i) қол қойғанға дейін осы Спецификацияның барлық талаптарымен толық танысқанын; (ii) қол қою күніндегі осы Спецификацияда баяндалған талаптармен, оның ішінде Мәміле жасалған кезде Бас келісімнің 24.6-тармағына сәйкес үлгілік нысанға енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен келісетінін; (iii) осы Спецификацияда көрсетілмеген Мәміле талаптары жөнінде өзге уағдаластықтардың жоқ екенін. Осы Спецификацияда көрсетілмеген кез келген ауызша немесе өзге уағдаластықтардың заңды күші болмайды.

XII. СОГЛАСИЕ НА ПЕРЕХОД ПРАВ И ОБЯЗАННОСТЕЙ ПО СДЕЛКЕ/ МӘМІЛЕ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕРДІҢ АУЫСУЫНА КЕЛІСІМ

Клиент (Покупатель) и Контрагент (Продавец) подписанием настоящей Спецификации подтверждают и соглашаются с тем, что/ Клиент (Сатып алушы) пен Контрагент (Сатушы) осы Спецификацияға қол қою арқылы төмендегілерді растайды және келіседі:

(a) Сделка заключается Брокером от своего имени, но за счёт и в интересах Клиента (Покупателя) и Контрагента (Продавца) одновременно, на основании Клиентских заказов (приказов), поданных Брокеру каждым из них (пункт 4.1 Генерального соглашения)/ Мәмілені Брокер өз атынан, бірақ бір мезгілде Клиенттің (Сатып алушының) және Контрагенттің (Сатушының) есебінен әрі олардың мүдделері үшін әрқайсысы Брокерге берген Клиенттік тапсырыстар (өкімдер) негізінде жасайды (Бас келісімнің 4.1-тармағы);

(b) в момент заключения Сделки права (требования) Брокера по Сделке переходят к Клиенту (Покупателю) и Контрагенту (Продавцу), а обязанности (долг) Брокера по Сделке переводятся на них, в результате чего права и обязанности по Сделке возникают непосредственно между Клиентом (Покупателем) и Контрагентом (Продавцом) (пункт 4.5 Генерального соглашения)/ Мәміле жасалған сәтте Брокердің Мәміле бойынша құқықтары (талап ету құқықтары) Клиентке (Сатып алушыға) және Контрагентке (Сатушыға) ауысады, ал Брокердің Мәміле бойынша міндеттері (берешегі) оларға беріледі, соның нәтижесінде Мәміле бойынша құқықтар мен міндеттер тікелей Клиент (Сатып алушы) пен Контрагент (Сатушы) арасында туындайды (Бас келісімнің 4.5-тармағы);

(c) каждый из них даёт согласие на перевод на него обязанностей (долга) Брокера по Сделке, а равно согласие кредитора на перевод обязанностей (долга) Брокера на другую сторону Сделки в значении пункта 1 статьи 348 Гражданского кодекса Республики Казахстан. Согласие даётся заранее и вступает в силу с момента подписания настоящей Спецификации/ олардың әрқайсысы Мәміле бойынша Брокердің өзіне қатысты міндеттерін (берешегін) қабылдауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 348-бабы 1-тармағы мағынасында Брокер міндеттерінің (берешегінің) Мәміленің басқа тарабына ауысуына кредитор ретінде келісім береді. Келісім алдын ала беріледі және осы Спецификацияға қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді;

(d) уведомление о переходе прав (требований), предусмотренное пунктом 3 статьи 339 и пунктом 2 статьи 867 Гражданского кодекса Республики Казахстан, считается полученным

каждым из них в момент подписания настоящей Спецификации; составления отдельного документа об уступке требования и (или) переводе долга не требуется/ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 339-бабы 3-тармағында және 867-бабы 2-тармағында көзделген құқықтардың (талап ету құқықтарының) ауысуы туралы хабарлама осы Спецификацияға қол қойылған сәтте әрқайсысына алынған болып есептеледі; талап ету құқығын беру және (немесе) борышты аудару туралы жеке құжат жасау талап етілмейді;

(e) требование к форме уступки требования и перевода долга (статья 346 и пункт 3 статьи 348 Гражданского кодекса Республики Казахстан) считается соблюдённым Генеральным соглашением и настоящей Спецификацией/ талап ету құқығын беру және борышты аудару нысанына қатысты талаптар (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 346-бабы және 348-бабы 3-тармағы) Бас келісім мен осы Спецификация арқылы сақталған болып есептеледі;

(f) с момента перехода Брокер выбывает из Сделки и освобождается от обязательств по ней перед Клиентом (Покупателем) и Контрагентом (Продавцом). Настоящий пункт является освобождением комиссионера от обязательств, принятых им на себя перед третьим лицом по исполнению комиссионного поручения, в значении подпункта 3) статьи 875 Гражданского кодекса Республики Казахстан. Выбытие Брокера из Сделки не прекращает его функций Расчётного агента и номинального держателя/ құқықтар мен міндеттер ауысқан сәттен бастап Брокер Мәміледен шығады және Клиент (Сатып алушы) пен Контрагент (Сатушы) алдындағы Мәміле бойынша міндеттемелерінен босатылады. Бұл тармақ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 875-бабы 3) тармақшасы мағынасында комиссионерді комиссиялық тапсырманы орындауға байланысты үшінші тұлға алдында өз мойнына алған міндеттемелерден босату болып табылады. Брокердің Мәміледен шығуы оның Есеп айырысу агенті және номиналды ұстаушы ретіндегі функцияларын тоқтатпайды.

XIII. КЛЮЧЕВЫЕ РИСКИ ПО НАСТОЯЩЕЙ СДЕЛКЕ/ ОСЫ МӘМІЛЕНІҢ НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Настоящий раздел является краткой выжимкой из раскрытия рисков, приведённого в Разделе 26 Генерального соглашения, и не заменяет его. Клиент (Покупатель) подписанием настоящей Спецификации подтверждает, что ознакомлен со следующим/ Осы бөлім Бас келісімнің 26-бөлімінде келтірілген тәуекелдерді ашып көрсетудің қысқаша мазмұны болып табылады және оны алмастырмайды. Клиент (Сатып алушы) осы Спецификацияға қол қою арқылы төмендегілермен танысқанын растайды:

(1) Защита капитала отсутствует. При наступлении Кредитного события Сделка прекращается досрочно, а Сумма погашения равна Номинальной сумме сделки, умноженной на Recovery Rate, и может быть значительно меньше Первоначального платежа, вплоть до нуля. Клиент (Покупатель) может потерять все вложенные средства/ Капиталды қорғау жоқ. Кредиттік оқиға орын алса, Мәміле мерзімінен бұрын тоқтатылады, ал Өтеу сомасы Мәміленің номиналды сомасының Recovery Rate көрсеткішіне көбейтіндісіне тең болып, Бастапқы төлемнен едәуір төмен, тіпті нөлге тең болуы мүмкін. Клиент (Сатып алушы) салған барлық қаражатын жоғалтуы мүмкін.

(2) Достаточно одного дефолта. Структура first-to-default означает, что Кредитное событие в отношении любого одного Референсного эмитента или Референсного обязательства прекращает Сделку; состояние остальных составляющих Корзины при этом значения не имеет. Купон выплачивается только при отсутствии Кредитного события на соответствующую Купонную дату, Эффект памяти не применяется, и пропущенный Купон не компенсируется/ Бір

дефолттың өзі жеткілікті. First-to-default құрылымы кез келген бір Референттік эмитентке немесе Референттік міндеттемеге қатысты Кредиттік оқиғаның орын алуы Мәмілені тоқтататынын білдіреді; бұл ретте Себеттің қалған құрамдастарының жағдайы маңызды емес. Купон тек тиісті Купон күніне Кредиттік оқиға болмаған жағдайда ғана төленеді, Жинақтау әсері қолданылмайды және өткізіп алынған Купон өтелмейді.

(3) Риск Контрагента. Все платежи по Сделке производит Контрагент (Продавец) — другой клиент Брокера, а не Брокер. Брокер не ручается за исполнение Контрагентом его обязательств и не отвечает своими средствами за выплаты по Сделке (пункты 4.8 и 4.9 Генерального соглашения)/ Контрагент тәуекелі. Мәміле бойынша барлық төлемдерді Брокер емес, Брокердің басқа клиенті — Контрагент (Сатушы) жүргізеді. Брокер Контрагенттің міндеттемелерін орындауына кепіл болмайды және Мәміле бойынша төлемдерге өз қаражатымен жауап бермейді (Бас келісімнің 4.8 және 4.9-тармақтары).

(4) Предварительная оплата. Клиент (Покупатель) уплачивает Первоначальный платёж полностью и авансом, тогда как встречное предоставление Контрагента наступает только в будущем. Кредитный риск Контрагента Клиент несёт в течение всего срока Сделки/ Алдын ала төлем. Клиент (Сатып алушы) Бастапқы төлемді толық көлемде алдын ала төлейді, ал Контрагенттің қарсы орындауы болашақта ғана жүзеге асады. Клиент Мәміленің бүкіл мерзімі бойы Контрагенттің кредиттік тәуекелін көтереді.

(5) Валютная механика. При механике quanto (пункт 3.7 настоящей Спецификации) изменение курса валют в расчётах не участвует: ослабление Валюты платежа не увеличивает причитающиеся Клиенту суммы, а укрепление — не уменьшает/ Валюталық есеп айырысу механизмі. Quanto механизмі кезінде (осы Спецификацияның 3.7-тармағы) валюта бағамының өзгерісі есеп айырысуға әсер етпейді: Төлем валютасының әлсіреуі Клиентке тиесілі сомаларды ұлғайтпайды, ал нығаюы оларды азайтпайды.

(6) Отсутствие права на односторонний выход. Клиент (Покупатель) не вправе отказаться от Сделки в одностороннем порядке. Досрочное прекращение возможно только по соглашению сторон Сделки, при этом Клиент возмещает Контрагенту документально подтверждённые убытки (пункт 16.3 Генерального соглашения)/ Біржақты шығу құқығының болмауы. Клиент (Сатып алушы) Мәміледен біржақты тәртіппен бас тарта алмайды. Мерзімінен бұрын тоқтату тек Мәміле тараптарының келісімімен мүмкін, бұл ретте Клиент Контрагентке құжатпен расталған залалды өтейді (Бас келісімнің 16.3-тармағы).

(7) Сделка не является банковским вкладом, не гарантируется государством и не подлежит гарантированию Казахстанским фондом гарантирования депозитов. Возврат вложенных средств не гарантирован/ Мәміле банктік салым болып табылмайды, мемлекет кепілдік бермейді және Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының кепілдік беру жүйесіне жатпайды. Салынған қаражаттың қайтарылуына кепілдік берілмейді.

XIV. ПОДПИСИ СТОРОН/ ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ

_____ (подпись/қолы)

Покупатель/Продавец/Сатып алушы/Сатушы _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _/_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _/
Подпись, ФИО, дата/(Қолы) (Тегі, Аты, Әкесінің аты) (күні)

Приложение № 1В/№ 1В қосымша
к Генеральному финансовому соглашению/ Бас қаржылық келісімге
от 18.09.2026

СПЕЦИФИКАЦИЯ

БЕСПОСТАВОЧНЫЙ ФОРВАРДНЫЙ КОНТРАКТ С ЗАЩИТОЙ КАПИТАЛА И УЧАСТИЕМ В РОСТЕ КОРЗИНЫ БАЗОВЫХ АКТИВОВ (CAPITAL-PROTECTED PARTICIPATION)/ ЖЕТКІЗІЛІМСІЗ ФОРВАРДТЫҚ КЕЛІСІМШАРТ КАПИТАЛДЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ БАЗАЛЫҚ АКТИВТЕР СЕБЕТІНІҢ ӨСІМІНЕ ҚАТЫСУ (CAPITAL-PROTECTED PARTICIPATION)

Номер Спецификации/ Спецификация нөмірі: _____

Дата/ Күні: «____» _____ 20__ г./ж.

Тип инструмента/ Құралдың түрі: беспоставочный форвардный контракт с защитой капитала и участием в росте корзины Базовых активов (Capital-Protected Participation); производный финансовый инструмент в значении статьи 128-5 Гражданского кодекса Республики Казахстан./ капиталды қорғау және Базалық активтер себетінің өсіміне қатысу көзделген жеткізілімсіз форвардтық келісімшарт (Capital-Protected Participation); Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 128-5-бабының мағынасындағы туынды қаржы құралы.

ПРЕАМБУЛА/ КІРІСПЕ

Настоящая Спецификация (далее — **«Спецификация»**) фиксирует Существенные и иные условия отдельной Сделки, заключаемой Брокером от своего имени, но за счёт и в интересах Клиента (Покупателя) и Контрагента (Продавца) на основании поданных ими встречных Клиентских заказов (приказов) на неорганизованном (внебиржевом, OTC) рынке в рамках Генерального финансового соглашения Брокера (оферты, акцептованной Покупателем и Продавцом путём подачи Заявлений-акцептов) (далее совместно — **«Генеральные соглашения»**, а в отношениях с соответствующей стороной Сделки — **«Генеральное соглашение»**). Клиент (Покупатель) и Контрагент (Продавец) подписанием настоящей Спецификации подтверждают, что у каждого из них имеется действующее (заключённое в результате акцепта) Генеральное соглашение с Брокером, дата которого (а также иные реквизиты, идентифицирующие такой акцепт) им известна, и которое не было прекращено или иным образом расторгнуто на дату подписания настоящей Спецификации. Права (требования) и обязанности (долг)

Брокера по Сделке переходят к Клиенту (Покупателю) и Контрагенту (Продавцу) в момент заключения Сделки в порядке пункта 4.5 Генерального соглашения и раздела настоящей Спецификации о согласии на переход прав и обязанностей по Сделке; с этого момента сторонами Сделки являются Клиент (Покупатель) и Контрагент (Продавец), а Брокер из Сделки выбывает/ Осы Спецификация (бұдан әрі – «**Спецификация**») Брокер өз атынан, бірақ Клиенттің (Сатып алушының) және Контрагенттің (Сатушының) есебінен әрі мүдделері үшін, олардың ұйымдастырылмаған (биржадан тыс, OTC) нарықта берген қарсы бағыттағы Клиенттік тапсырыстары (өкімдері) негізінде Брокердің Бас қаржылық келісімі шеңберінде жасайтын жеке Мәміленің Елеулі және өзге де талаптарын бекітеді. Аталған Бас қаржылық келісім Сатып алушы мен Сатушы Акцепт туралы өтініштер беру арқылы қабылдаған оферта болып табылады (бұдан әрі жиынтық түрде – «**Бас келісімдер»,** ал Мәміленің тиісті тарапымен қатынастарда – «**Бас келісім**»). Клиент (Сатып алушы) және Контрагент (Сатушы) осы Спецификацияға қол қою арқылы әрқайсысының Брокермен акцептеу нәтижесінде жасалған қолданыстағы Бас келісімі бар екенін, оның жасалған күні мен акцептіні сәйкестендіретін өзге деректемелері өздеріне белгілі екенін және осы Спецификацияға қол қойылған күні оның қолданылуы тоқтатылмағанын не басқа негіздер бойынша бұзылмағанын растайды. Мәміле бойынша Брокердің құқықтары (талап ету құқықтары) мен міндеттемелері (борышы) Бас келісімнің 4.5-тармағында және осы Спецификацияның Мәміле бойынша құқықтар мен міндеттемелердің ауысуына келісім беру туралы бөлімінде көзделген тәртіппен Мәміле жасалған сәтте Клиентке (Сатып алушыға) және Контрагентке (Сатушыға) ауысады; осы сәттен бастап Мәміленің тараптары Клиент (Сатып алушы) мен Контрагент (Сатушы) болып табылады, ал Брокер Мәміледен шығады.

Сделка является беспоставочной (расчётной) и квалифицируется как производный финансовый инструмент в значении статьи 128–5 Гражданского кодекса Республики Казахстан. Обязательства сторон Сделки исполняются исключительно путём денежных расчётов между Клиентом (Покупателем) и Контрагентом (Продавцом) без физической поставки Базовых активов и без перехода права собственности на них/ Мәміле жеткізілімсіз (есеп айырысу сипатындағы) болып табылады және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 128-5-бабына сәйкес туынды қаржы құралы ретінде сараланады. Мәміле тараптарының міндеттемелері Базалық активтерді нақты жеткізусіз және оларға меншік құқығын берусіз, тек Клиент (Сатып алушы) мен Контрагент (Сатушы) арасындағы ақшалай есеп айырысу арқылы орындалады.

Сделка относится к иным типам беспоставочных форвардных контрактов в значении подпункта (c) пункта 3.3 Генерального соглашения. К Сделке применяются положения Генеральных соглашений, в первую очередь Разделы 8 (общие условия беспоставочных форвардных сделок), 13 (Расчётный агент), 14 (Платежи), 17 (Случаи неисполнения и прекращения обязательств), 18 (Досрочное прекращение и ликвидационный неттинг), 25 (Применимое право и порядок разрешения споров) и 26 (Раскрытие рисков). Продуктовые механики и порядок расчётов установлены настоящей Спецификацией (Разделы V–VI). В случае любого противоречия между Генеральным соглашением и настоящей Спецификацией преимущественную силу в отношении

настоящей Сделки имеют условия настоящей Спецификации в порядке и пределах, установленных пунктом 1.2 Генерального соглашения/ Мәміле Бас келісімнің 3.3-тармағы (с) тармақшасының мағынасында жеткізілімсіз форвардтық келісімшарттардың өзге түрлеріне жатады. Мәмілеге Бас келісімдердің ережелері, бірінші кезекте 8-бөлім (жеткізілімсіз форвардтық мәмілелердің жалпы талаптары), 13-бөлім (Есеп айырысу агенті), 14-бөлім (Төлемдер), 17-бөлім (Міндеттемелерді орындамау және тоқтату жағдайлары), 18-бөлім (Мерзімінен бұрын тоқтату және тарату неттингі), 25-бөлім (Қолданылатын құқық және дауларды шешу тәртібі) және 26-бөлім (Тәуекелдерді ашып көрсету) қолданылады. Өнім механизмдері мен есеп айырысу тәртібі осы Спецификацияның V–VI бөлімдерінде белгіленген. Бас келісім мен осы Спецификация арасында қайшылық туындаған жағдайда, Бас келісімнің 1.2-тармағында белгіленген тәртіп пен шектерде осы Мәмілеге қатысты осы Спецификацияның талаптары басым күшке ие болады.

Соотношение с Генеральными соглашениями. Во всём ином, что не предусмотрено настоящей Спецификацией, Клиент (Покупатель) и Контрагент (Продавец) руководствуются Генеральными соглашениями, заключёнными каждым из них с Брокером. Подписанием настоящей Спецификации Клиент (Покупатель) и Контрагент (Продавец) признают условия своих Генеральных соглашений, применимые к Сделке, включёнными в настоящую Спецификацию и составляющими её неотъемлемую часть, а Сделку — заключённой на этих условиях/ Бас келісімдермен арақатынасы. Осы Спецификацияда көзделмеген барлық өзге мәселелер бойынша Клиент (Сатып алушы) және Контрагент (Сатушы) әрқайсысының Брокермен жасасқан Бас келісімдерін басшылыққа алады. Осы Спецификацияға қол қою арқылы Клиент (Сатып алушы) мен Контрагент (Сатушы) өздерінің Мәмілеге қолданылатын Бас келісімдерінің талаптарын осы Спецификацияға енгізілген әрі оның ажырамас бөлігі деп, ал Мәмілені аталған талаптар бойынша жасалған деп таниды.

Расхождения между Генеральными соглашениями сторон Сделки. Если применимые к Сделке условия Генерального соглашения Клиента (Покупателя) и условия Генерального соглашения Контрагента (Продавца) расходятся, такое расхождение разрешается по правилу более строгого условия (пункт 1.6 Генерального соглашения): к каждой стороне Сделки применяется то из расходящихся условий, которое возлагает на эту сторону больший объём обязательств и (или) в большей степени ограничивает её права, либо (что эквивалентно) предоставляет другой стороне Сделки больший объём прав и средств защиты. При противоречии между настоящей Спецификацией и Генеральным соглашением преимущественную силу имеют условия настоящей Спецификации (пункт 1.2 Генерального соглашения)/ Мәміле тараптарының Бас келісімдері арасындағы айырмашылықтар. Егер Клиенттің (Сатып алушының) Бас келісіміндегі Мәмілеге қолданылатын талаптар Контрагенттің (Сатушының) Бас келісіміндегі талаптардан өзгеше болса, айырмашылық неғұрлым қатаң талап қағидасы бойынша шешіледі (Бас келісімнің 1.6-тармағы): Мәміленің әрбір тарапына өзіне көбірек міндеттемелер жүктейтін және (немесе) оның құқықтарын көбірек шектейтін, не, осыған тең түрде, екінші тарапқа көбірек құқықтар мен құқықтық қорғау құралдарын

беретін талап қолданылады. Осы Спецификация мен Бас келісім арасында қайшылық болғанда, осы Спецификация талаптары басым болады (Бас келісімнің 1.2-тармағы).

Применимым правом к настоящей Спецификации и Сделке является право Республики Казахстан (пункт 25.2 Генерального соглашения). Порядок разрешения споров между Клиентом и Контрагентом определяется Разделом VIII настоящей Спецификации и пунктом 25.3 Генерального соглашения/ Осы Спецификация мен Мәмілеге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады (Бас келісімнің 25.2-тармағы). Клиент пен Контрагент арасындағы дауларды шешу тәртібі осы Спецификацияның VIII бөлімінде және Бас келісімнің 25.3-тармағында айқындалады.

Термины, написанные с заглавной буквы, имеют значения, придаваемые им Генеральным соглашением, если иное прямо не предусмотрено настоящей Спецификацией/ Бас әріппен жазылған терминдерге, егер осы Спецификацияда өзгеше тікелей көзделмесе, Бас келісімде берілген мағыналар қолданылады.

ВАЖНЫЕ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ/ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР

Клиент (Покупатель) подписанием настоящей Спецификации подтверждает свою осведомлённость о следующем/ Клиент (Сатып алушы) осы Спецификацияға қол қою арқылы төмендегілер туралы хабардар екенін растайды:

1) настоящая Спецификация **не является** индивидуальной инвестиционной рекомендацией, не предоставлена в рамках оказания инвестиционной или иной консультации и не является рекламой (применяется пункт 4.7 Генерального соглашения)/ осы Спецификация жеке инвестициялық ұсыным **болып табылмайды**, инвестициялық немесе өзге консультация шеңберінде берілмеген және жарнама болып саналмайды (Бас келісімнің 4.7-тармағы қолданылады);

2) Брокер **не выступает гарантом или поручителем** по Сделке, не предоставляет ручательство (делькредере) и не несёт ответственности за надлежащее исполнение Контрагентом обязательств по Сделке (применяются пункты 4.8 и 4.9 Генерального соглашения)/ Брокер Мәміле бойынша **кепілгер немесе кепіл болушы ретінде әрекет етпейді**, делькредере кепілдігін бермейді және Контрагенттің Мәміле бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауы үшін жауапты болмайды (Бас келісімнің 4.8 және 4.9-тармақтары қолданылады);

3) Сделка предусматривает **100% защиту капитала на Дату истечения срока** (Контрагент обязуется уплатить Клиенту не менее Номинальной суммы сделки; указанное обязательство не является гарантией и обеспечивается исключительно платёжеспособностью Контрагента), однако Сумма Участия в росте Корзины может оказаться равной нулю при отрицательной динамике Худшего Базового актива. Клиент обязан внимательно ознакомиться с настоящей Спецификацией и Разделами 13 и 26 Генерального соглашения до подачи Клиентского заказа (приказа) и подписания настоящей Спецификации/ **Мәміле мерзімі аяқталған күні капиталды 100% қорғауды көздейді** (Контрагент Клиентке Мәміленің Номиналды сомасынан кем емес соманы төлеуге міндеттенеді; бұл міндеттеме кепілдік болып табылмайды және тек

Контрагенттің төлем қабілеттілігімен қамтамасыз етіледі), алайда Ең нашар Базалық актив бағасының теріс динамикасы кезінде Себеттің өсіміне қатысу сомасы нөлге тең болуы мүмкін. Клиент Клиенттік тапсырысты (өкімді) беріп, осы Спецификацияға қол қойғанға дейін осы Спецификациямен және Бас келісімнің 13 және 26-бөлімдерімен мұқият танысуға міндетті;

4) с даты подачи Клиентом Клиентского заказа (приказа) настоящая Спецификация признаётся **неотъемлемой частью** Клиентского заказа (приказа)/ Клиент Клиенттік тапсырысты (өкімді) берген күннен бастап осы Спецификация Клиенттік тапсырыстың (өкімнің) **ажырамас бөлігі** болып танылады;

5) Брокер до подачи Клиентского заказа (приказа) и подписания настоящей Спецификации **предоставил Клиенту (Покупателю) все имеющиеся у Брокера и разрешённые к раскрытию документы и сведения** о Контрагенте, его правоспособности, финансовом состоянии (в объёме, доступном Брокеру), а также об условиях настоящей Сделки. Подписанием настоящей Спецификации Клиент (Покупатель) подтверждает, что Брокер тем самым **проявил необходимую осмотрительность в выборе Контрагента** в значении пункта 3 статьи 868 Гражданского кодекса Республики Казахстан, и не несёт перед Клиентом ответственности за неисполнение или ненадлежащее исполнение Контрагентом обязательств по Сделке/ Клиенттік тапсырыс (өкім) берілгенге және осы Спецификацияға қол қойылғанға дейін Брокер **Клиентке (Сатып алушыға) Контрагент туралы**, оның құқық қабілеттілігі, қаржылық жағдайы (Брокерге қолжетімді көлемде) және осы Мәміленің талаптары туралы Брокерде бар әрі **ашып көрсетуге рұқсат етілген барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынған**. Осы Спецификацияға қол қою арқылы Клиент (Сатып алушы) Брокердің Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 868-бабы 3-тармағының мағынасында Контрагентті таңдауда қажетті сақтық танытқанын және Контрагенттің Мәміле бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Клиент алдында жауап бермейтінін растайды.

I. СТОРОНЫ СДЕЛКИ/ МӘМІЛЕ ТАРАПТАРЫ

1.1. *Брокер.* Акционерное общество «N1broker», бизнес-идентификационный номер 230140036388, лицензия № 3.2.251/21 от 13.06.2023 г., действующее в качестве комиссионера и Расчётного агента/ *Брокер*. «N1broker» акционерлік қоғамы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі 230140036388, 13.06.2023 ж. берілген № 3.2.251/21 лицензиясы бар, комиссионер және Есеп айырысу агенті ретінде әрекет етеді.

1.2. *Клиент (Покупатель).* Лицо, подавшее Брокеру Клиентский заказ (приказ) на заключение Сделки на условиях настоящей Спецификации и подписавшее настоящую Спецификацию. Идентификационные данные Клиента (Покупателя) содержатся в поданном им Клиентском заказе (приказе), в системе учёта Брокера и в разделе «Подписи сторон» настоящей Спецификации. Сведения о Клиенте (Покупателе) предоставляются Контрагенту (Продавцу), а сведения о Контрагенте (Продавце) — Клиенту (Покупателю) Брокером в порядке пункта 4.5.5 Генерального соглашения, в

том числе для направления уведомлений, претензий и требований по Сделке. Клиент (Покупатель) является клиентом Брокера на основании заключённого с Брокером брокерского договора и Генерального соглашения и является квалифицированным инвестором/ *Клиент (Сатып алушы).* Осы Спецификация талаптарымен Мәміле жасау үшін Брокерге Клиенттік тапсырыс (өкім) берген және осы Спецификацияға қол қойған тұлға. Клиенттің (Сатып алушының) сәйкестендіру деректері оның Клиенттік тапсырысында (өкімінде), Брокердің есепке алу жүйесінде және осы Спецификацияның «Тараптардың қолдары» бөлімінде көрсетілген. Клиент (Сатып алушы) туралы мәліметтер Контрагентке (Сатушыға), ал Контрагент (Сатушы) туралы мәліметтер Клиентке (Сатып алушыға) Бас келісімнің 4.5.5-тармағына сәйкес, оның ішінде Мәміле бойынша хабарламалар, шағымдар және талаптар жолдау үшін, Брокер арқылы беріледі. Клиент (Сатып алушы) Брокермен жасалған брокерлік шарт пен Бас келісім негізінде Брокердің клиенті болып табылады және білікті инвестор мәртебесіне ие.

1.3. *Контрагент (Продавец).* [Частная компания «N1 Products Limited», бизнес-идентификационный номер 251040900268, зарегистрированная в соответствии с правом Международного финансового центра Астана (МФЦА), место нахождения: Республика Казахстан, город Астана, район Есиль, улица Сығанақ, здание 47, помещение 2н, почтовый индекс 010000 (далее — **«Контрагент»**). Контрагент является клиентом Брокера на основании заключённого между Брокером и Контрагентом брокерского договора и Генерального финансового соглашения; к отношениям Контрагента и Брокера применяется указанное Генеральное соглашение. Контрагент является аффилированным лицом Брокера на дату подписания настоящей Спецификации, что прямо раскрывается Клиенту (Покупателю) настоящим пунктом и соответствующим пунктом раздела о Раскрытии Конфликта интересов настоящей Спецификации.]/ *Контрагент (Сатушы).* [«N1 Products Limited» жеке компаниясы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі 251040900268, Астана халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) құқығына сәйкес тіркелген, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 47-ғимарат, 2н үй-жай, пошта индексі 010000 (бұдан әрі – «Контрагент»). Контрагент Брокер мен Контрагент арасында жасалған брокерлік шарт пен Бас қаржылық келісім негізінде Брокердің клиенті болып табылады; олардың өзара қатынастарына аталған Бас келісім қолданылады. Осы Спецификацияға қол қойылған күні Контрагент Брокердің үлестес тұлғасы болып табылады, бұл жайт Клиентке (Сатып алушыға) осы тармақпен және осы Спецификацияның Мүдделер қақтығысын ашып көрсету бөліміндегі тиісті тармақпен тікелей ашып көрсетіледі.]

1.4. *Раскрытие Конфликта интересов.* Брокер настоящим уведомляет Клиента (Покупателя), что Контрагент по настоящей Сделке является клиентом Брокера. Брокер настоящим раскрывает Клиенту (Покупателю) одну или несколько из следующих ситуаций (заполняется проставлением одной или нескольких отметок «☒»)/*Мүдделер қақтығысын ашып көрсету*. Брокер Клиентке (Сатып алушыға) осы Мәміле бойынша Контрагенттің Брокер клиенті екенін хабарлайды. Брокер Клиентке (Сатып алушыға) төмендегі жағдайлардың бірін немесе бірнешеуін ашып көрсетеді (бір немесе бірнеше «☒» белгісі қойылады):

☒ *возможность возникновения Конфликта интересов* — Контрагент по Сделке является иным клиентом Брокера, подавшим встречный Клиентский заказ (приказ)/ *мүдделер қақтығысының туындау ықтималдығы* – Мәміле бойынша Контрагент қарсы Клиенттік тапсырыс (өкім) берген Брокердің басқа клиенті болып табылады;

☒ *фактическое наличие Конфликта интересов* — Контрагент по настоящей Сделке является аффилированным лицом Брокера на дату подписания настоящей Спецификации/ *мүдделер қақтығысының нақты болуы* – осы Мәміле бойынша Контрагент осы Спецификацияға қол қойылған күні Брокердің үлестес тұлғасы болып табылады.

Клиент (Покупатель) подтверждает, что Брокер надлежащим образом уведомил его в соответствии с настоящим пунктом, и подтверждает отсутствие претензий к Брокеру в связи с возможным и (или) фактическим Конфликтом интересов (применяется пункт 4.6 Генерального соглашения)/ Клиент (Сатып алушы) Брокердің осы тармаққа сәйкес оны тиісінше хабардар еткенін және ықтимал және (немесе) нақты Мүдделер қақтығысына байланысты Брокерге шағымы жоқ екенін растайды (Бас келісімнің 4.6-тармағы қолданылады).

1.5. *Права Брокера.* Помимо функций комиссионера и Расчётного агента, Брокер вправе осуществлять в отношении настоящей Сделки следующие правомочия, предоставленные ему Генеральным соглашением/ *Брокердің құқықтары*. Комиссионер және Есеп айырысу агенті функцияларынан бөлек, Брокер осы Мәмілеге қатысты Бас келісіммен берілген мынадай өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы:

(i) вносить изменения и (или) дополнения в настоящую Спецификацию в одностороннем порядке в случаях и в порядке, предусмотренных пунктом 4.10 Генерального соглашения, путём направления Клиенту и Контрагенту простого письменного уведомления не позднее чем за 5 (пять) Рабочих дней до даты вступления изменения в силу/ Бас келісімнің 4.10-тармағында көзделген жағдайларда және тәртіппен осы Спецификацияға біржақты тәртіпте өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге, бұл туралы өзгеріс күшіне енетін күннен кемінде 5 (бес) Жұмыс күні бұрын Клиент пен Контрагентке жай жазбаша хабарлама жіберуге;

(ii) осуществлять иные правомочия, предусмотренные Генеральным соглашением, включая (без ограничения) приостановление приёма и исполнения Клиентских заказов (приказов), расторжение Генерального соглашения и иные действия в порядке пункта 17.6 Генерального соглашения/ Бас келісімде көзделген өзге өкілеттіктерді, оның ішінде (бірақ олармен шектелмей) Клиенттік тапсырыстарды (өкімдерді) қабылдау мен орындауды тоқтата тұруды, Бас келісімді бұзуды және Бас келісімнің 17.6-тармағында көзделген өзге әрекеттерді жүзеге асыруға.

II. КЛЮЧЕВЫЕ ДАТЫ/ НЕГІЗГІ КҮНДЕР

2.1. *Дата начала срока (Дата начала продукта)/ Мерзімнің басталу күні (Өнімнің басталу күні).* «____» _____ 20__ г./ж.

2.2. *Дата фиксации Первоначальных цен Базовых активов.* Рабочий день, в который Первоначальный платёж поступил Контрагенту (Продавцу) в полном объёме (пункт 8.2 Генерального соглашения)/ *Базалық активтердің Бастапқы бағаларын тіркеу күні*. Бастапқы төлем Контрагентке (Сатушыға) толық көлемде түскен Жұмыс күні (Бас келісімнің 8.2-тармағы). Ориентировочно/ Болжамды күн: «____» _____ 20__ г./ж.

2.3. *Дата закрытия Сделки/ Мәміленің аяқталу күні.* «____» _____ 20__ г./ж. (Дата истечения срока; Maturity Date; European observation — единственная Дата наблюдения/ Мерзімнің аяқталу күні; Maturity Date; European observation – жалғыз Бақылау күні).

III. ФИНАНСОВЫЕ ПАРАМЕТРЫ/ ҚАРЖЫЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕР

3.1. *Цена продукта/ Өнім бағасы.* _____ (в Валюте сделки/ Мәміле валютасында).

3.2. *Количество производных финансовых инструментов/ Туынды қаржы құралдарының саны. *указаны в поручении на сделку/ *транзакция тапсырысында көрсетілген.*

3.3. *Номинальная сумма сделки (Notional)/ Мәміленің номиналды сомасы (Notional).* (равна произведению Цены продукта на количество производных финансовых инструментов/ Өнім бағасының туынды қаржы құралдарының санына көбейтіндісіне тең).

3.4. *Валюта сделки/ Мәміле валютасы* _____ .

3.5. *Валюта платежа/ Төлем валютасы (Валюта погашения/ Өтеу валютасы).* _____ .

3.6. *Первоначальный платёж (Initial Investment Amount).* равен Номинальной сумме сделки. Уплачивается Клиентом Контрагенту в полном объёме не позднее 2 (двух) Рабочих дней с даты заключения Сделки. Обязательства Контрагента по Сделке возникают и подлежат исполнению только после получения Первоначального платежа в полном объёме (пункт 8.5 Генерального соглашения)/ *Бастапқы төлем* (Initial Investment Amount). Мәміленің номиналды сомасына тең. Клиент оны Мәміле жасалған күннен бастап 2 (екі) Жұмыс күнінен кешіктірмей Контрагентке толық көлемде төлейді. Контрагенттің Мәміле бойынша міндеттемелері Бастапқы төлем толық көлемде алынғаннан кейін ғана туындайды және орындалуға тиіс (Бас келісімнің 8.5-тармағы).

3.7. *FX-механика.* применяется механика, отмеченная ниже (☒); если ни одна не отмечена — по умолчанию применяется quanto (пункт 8.6 Генерального соглашения)/ *Валюталық есеп айырысу механизмі*. Төменде белгіленген (☒) механизм қолданылады; ешқайсысы белгіленбесе, әдепкі бойынша quanto қолданылады (Бас келісімнің 8.6-тармағы):

☒ *quanto* — расчёты в Валюте платежа на безразмерных отношениях; курс валют не применяется/ *quanto* – есеп айырысу Төлем валютасында өлшемсіз арақатынастар негізінде жүргізіледі; валюта бағамы қолданылмайды;

☐ *composite* — цены Базовых активов конвертируются в Валюту платежа по курсу: _____ , либо по официальному курсу Национального Банка Республики Казахстан на Дату закрытия Сделки/ *composite* – Базалық активтердің бағалары Төлем валютасына мына бағам бойынша айырбасталады: _____, не Мәміленің аяқталу күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша айырбасталады.

IV. СОСТАВ КОРЗИНЫ БАЗОВЫХ АКТИВОВ/ БАЗАЛЫҚ АКТИВТЕР СЕБЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ

Корзина состоит из следующих Базовых активов (нумерация позиций указана в первой колонке таблицы). Базовыми активами могут выступать акции, депозитарные расписки, паи иностранных биржевых инвестиционных фондов (ETF), индексы и иные финансовые инструменты, торгуемые на регулируемых биржах/ Себет төмендегі Базалық активтерден тұрады (позициялар нөмірлері кестенің бірінші бағанында көрсетілген). Базалық активтер ретінде акциялар, депозитарлық қолхаттар, шетелдік биржалық инвестициялық қорлардың (ETF) пайлары, индекстер және реттелетін биржаларда саудаланатын өзге қаржы құралдары болуы мүмкін:

№ п/п	Наименование / тикер	ISIN	Валюта	Биржа (биржи)	Первоначальная цена (Initial Price)
1	abrdn Physical Platinum Shares ETF (PPLT)	US0032601066	USD	NYSE	TBD (фиксируется на Дату 2.2)
2	SPDR Gold Shares (GLD)	US78463V1070	USD	NYSE	TBD (фиксируется на Дату 2.2)
3	iShares Silver Trust (SLV)	US46428Q1094	USD	NYSE	TBD (фиксируется на Дату 2.2)

Первоначальная цена определяется Расчётным агентом на Дату фиксации Первоначальных цен (пункт 2.2 настоящей Спецификации) в порядке иерархии источников котировок, предусмотренной пунктом 13.11 Генерального соглашения/ Бастапқы бағаны Есеп айырысу агенті Бастапқы бағаларды тіркеу күніне (осы Спецификацияның 2.2-тармағы), Бас келісімнің 13.11-тармағында көзделген баға белгілеу көздерінің басымдық тәртібіне сәйкес айқындайды.

V. ЗАЩИТА КАПИТАЛА И УЧАСТИЕ В РОСТЕ КОРЗИНЫ/ КАПИТАЛДЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СЕБЕТ ӨСІМІНЕ ҚАТЫСУ

5.1. *Защита капитала (Capital Protection).* 100 (сто) процентов от Номинальной суммы сделки. Контрагент обязуется уплатить Клиенту не менее Номинальной суммы сделки на Дату закрытия Сделки независимо от динамики цен Базовых активов. Защита капитала является договорным обязательством Контрагента, а не гарантией, и обеспечивается исключительно его платёжеспособностью (пункт 26.6 Генерального соглашения)/ *Капиталды қорғау (Capital Protection*). Мәміленің номиналды сомасының 100 (жүз) пайызы. Контрагент Базалық активтер бағаларының динамикасына қарамастан, Мәміленің аяқталу күні Клиентке кемінде Мәміленің номиналды сомасын төлеуге міндеттенеді. Капиталды қорғау кепілдік емес, Контрагенттің шарттық міндеттемесі болып табылады және тек оның төлем қабілеттілігімен қамтамасыз етіледі (Бас келісімнің 26.6-тармағы).

5.2. *Коэффициент участия (Participation Rate)/ Қатысу коэффициенті (Participation Rate*). _____ % (Participation Rate, PR). Применяется к положительной доходности Худшего Базового актива для определения Суммы Участия/ Қатысу сомасын айқындау үшін Ең нашар Базалық активтің оң кірістілігіне қолданылады.

5.3. *Верхний предел участия (Cap)/ Қатысудың жоғарғы шегі (Cap*). отметить ниже (по умолчанию — без верхнего предела)/ Төмендегі нұсқалардың бірін белгілеу қажет (әдепкі бойынша – жоғарғы шексіз):

☐ *без верхнего предела* (no cap)/ *жоғарғы шексіз (no cap);*

☐ верхний предел установлен — Cap = _____ % (предельная доходность Сделки; Сумма Окончательного платежа не может превышать величину C0 × (1 + Cap), где C0 — Номинальная сумма сделки)/ жоғарғы шек белгіленген – Cap = _____ % (Мәміленің шекті кірістілігі; Түпкілікті төлем сомасы C0 × (1 + Cap) шамасынан аспауға тиіс, мұнда C0 – Мәміленің номиналды сомасы).

5.4. *Тип наблюдения/ Бақылау түр*і. European-style — единственная Дата наблюдения совпадает с Датой закрытия Сделки (пункт 2.3 настоящей Спецификации). Промежуточные Даты наблюдения и купонные выплаты не предусмотрены/ European-style – жалғыз Бақылау күні Мәміленің аяқталу күнімен сәйкес келеді (осы Спецификацияның 2.3-тармағы). Аралық Бақылау күндері және купондық төлемдер көзделмеген.

5.5. *Принцип Worst-of/ Worst-of қағидасы.* применяется для определения Суммы Окончательного платежа: Сумма Участия рассчитывается исходя из доходности Худшего Базового актива в Корзине (см. формулу в Разделе VI настоящей Спецификации)/ Түпкілікті төлем сомасын айқындау үшін қолданылады: Қатысу сомасы Себеттегі Ең нашар Базалық активтің кірістілігі негізінде есептеледі (осы Спецификацияның VI бөліміндегі формуланы қараңыз).

VI. ПРОДУКТОВЫЕ МЕХАНИКИ/ ӨНІМНІҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ МЕХАНИЗМДЕРІ

6.1. Общее описание/ Жалпы сипаттама.

В обмен на Первоначальный платёж Клиент приобретает права на получение на Дату закрытия Сделки Суммы Окончательного платежа, состоящей из: (i) части в размере 100% Номинальной суммы сделки, уплачиваемой Контрагентом независимо от динамики цен Базовых активов; и (ii) Суммы Участия в росте Худшего Базового актива Корзины, если такой рост имеет место. При отрицательной динамике Худшего Базового актива Сумма Участия равна нулю, и Клиент получает только Номинальную сумму сделки. Промежуточных выплат (Купонов) не предусмотрено/ Бастапқы төлемнің орнына Клиент Мәміленің аяқталу күні мына бөліктерден тұратын Түпкілікті төлем сомасын алу құқығына ие болады: (i) Базалық активтер бағаларының динамикасына қарамастан Контрагент төлейтін Мәміленің номиналды сомасының 100%-ы; және (ii) осындай өсім болған жағдайда, Себеттегі Ең нашар Базалық активтің өсіміне қатысу сомасы. Ең нашар Базалық активтің теріс динамикасы кезінде Қатысу сомасы нөлге тең болады және Клиент тек Мәміленің номиналды сомасын алады. Аралық төлемдер (Купондар) көзделмеген.

6.2. Формула Суммы Окончательного платежа/ Түпкілікті төлем сомасының формуласы.

Сумма Окончательного платежа определяется Расчётным агентом на Дату закрытия Сделки по формуле/ Түпкілікті төлем сомасын Есеп айырысу агенті Мәміленің аяқталу күні мына формула бойынша айқындайды:

$$CT = C0 \times [\, 1 + \max(\, 0 \,;\, PR \times PerformanceWO \,) \,]$$

где: CT — Сумма Окончательного платежа в Валюте платежа; C0 — Номинальная сумма сделки; PR — Коэффициент участия (пункт 5.2 настоящей Спецификации); PerformanceWO — доходность Худшего Базового актива на Дату закрытия Сделки, рассчитываемая как (P_T / P_0) − 1, где P_T — цена закрытия Худшего Базового актива на Дату закрытия Сделки, P_0 — Первоначальная цена Худшего Базового актива. При наличии установленного Cap (пункт 5.3) Сумма Окончательного платежа ограничивается величиной C0 × (1 + Cap)/ мұнда: CT – Төлем валютасындағы Түпкілікті төлем сомасы; C0 – Мәміленің номиналды сомасы; PR – Қатысу коэффициенті (осы Спецификацияның 5.2-тармағы); PerformanceWO – Мәміленің аяқталу күніндегі Ең нашар Базалық активтің (P_T / P_0) − 1 ретінде есептелетін кірістілігі; P_T – Мәміленің аяқталу күніндегі Ең нашар Базалық активтің жабылу бағасы, P_0 – Ең нашар Базалық активтің Бастапқы бағасы. Cap белгіленсе (5.3-тармақ), Түпкілікті төлем сомасы C0 × (1 + Cap) шамасымен шектеледі.

6.3. Худший Базовый актив (Worst-of)/ Ең нашар Базалық актив (Worst-of).

Худшим Базовым активом признаётся Базовый актив в составе Корзины, у которого отношение цены на Дату закрытия Сделки к его Первоначальной цене (P_T / P_0) является наименьшим среди всех Базовых активов Корзины/ Ең нашар Базалық актив деп Себеттегі барлық Базалық активтер арасында Мәміленің аяқталу күніндегі бағаның оның Бастапқы бағасына қатынасы (P_T / P_0) ең төмен болатын Базалық актив танылады.

6.4. Срок уплаты Суммы Окончательного платежа/ Түпкілікті төлем сомасын төлеу мерзімі.

Сумма Окончательного платежа уплачивается Контрагентом Клиенту не позднее 10 (десяти) Рабочих дней с Даты закрытия Сделки/ Түпкілікті төлем сомасын Контрагент Клиентке Мәміленің аяқталу күнінен бастап 10 (он) Жұмыс күнінен кешіктірмей төлейді.

6.5. Иллюстративные сценарии (не являются прогнозом)/ Үлгілік сценарийлер (болжам болып табылмайды).

Для Номинальной суммы сделки 1 000,00 (условных единиц Валюты сделки) и Коэффициента участия 100% без Сар/ Мәміленің номиналды сомасы 1 000,00 (Мәміле валютасының шартты бірлігі), Қатысу коэффициенті 100% және Сар болмаған жағдайда:

Сценарий/ Сценарий	PerformanceWO	Сумма Участия/ Қатысу сомасы	Сумма Окончательного платежа/ Түпкілікті төлем сомасы
Положительный рост Худшего Базового актива/ Ең нашар Базалық активтің жоғары өсімі	+60%	+600,00	**1 600,00**
Умеренный рост Худшего Базового актива/ Ең нашар Базалық активтің қалыпты өсімі	+25%	+250,00	**1 250,00**
Нулевая динамика Худшего Базового актива/ Ең нашар Базалық актив бағасының өзгермеуі	0%	0,00	**1 000,00**
Отрицательная динамика Худшего Базового актива/ Ең нашар Базалық активтің теріс динамикасы	−40%	0,00 (защита капитала/ капиталды қорғау)	**1 000,00**

6.6. Распределения по Базовым активам/ Базалық активтер бойынша үлестірулер.

Регулярные распределения по Базовым активам, произведённые в период действия Сделки, не передаются Клиенту и Контрагенту, не учитываются при расчёте обязательств по Сделке и не влекут корректировки её условий (пункт 13.10 Генерального соглашения). Экстраординарные распределения регулируются пунктом 13.6 Генерального соглашения/ Мәміле қолданылатын кезеңде жүзеге асырылған Базалық активтер бойынша тұрақты үлестірулер Клиентке де, Контрагентке де берілмейді, Мәміле бойынша міндеттемелерді есептеу кезінде ескерілмейді және оның

талаптарын түзетуге әкеп соқпайды (Бас келісімнің 13.10-тармағы). Төтенше үлестірулер Бас келісімнің 13.6-тармағымен реттеледі.

VII. ИСТОЧНИКИ КОТИРОВОК/ БАҒА БЕЛГІЛЕУ КӨЗДЕРІ

Источники котировок и порядок определения цен Базовых активов определяются пунктом 13.11 Генерального соглашения. Дополнительно для настоящей Сделки могут быть указаны конкретные тикеры Bloomberg / Reuters (при их наличии)/ Баға белгілеу көздері мен Базалық активтердің бағаларын айқындау тәртібі Бас келісімнің 13.11-тармағында белгіленеді. Қосымша ретінде осы Мәміле үшін Bloomberg / Reuters жүйелерінің нақты тикерлері (бар болса) көрсетілуі мүмкін:

VIII. ПРИМЕНИМОЕ ПРАВО. РАЗРЕШЕНИЕ СПОРОВ/ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

К настоящей Спецификации и Сделке применяется право Республики Казахстан как материальное право (пункт 25.2 Генерального соглашения). Каждая сторона Сделки прямо подтверждает, что при рассмотрении любых споров, разногласий и претензий, возникающих в связи с настоящей Спецификацией и (или) Сделкой, применяется право Республики Казахстан независимо от форума разрешения спора/ Осы Спецификация мен Мәмілеге материалдық құқық ретінде Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады (Бас келісімнің 25.2-тармағы). Мәміленің әрбір тарапы осы Спецификацияға және (немесе) Мәмілеге байланысты туындайтын кез келген даулар, келіспеушіліктер мен шағымдар қаралған кезде, дауды шешу орнына қарамастан Қазақстан Республикасының құқығы қолданылатынын тікелей растайды.

Все споры между Клиентом и Контрагентом, возникающие в связи со Сделкой и (или) настоящей Спецификацией, разрешаются без участия Брокера в Суде Международного финансового центра Астана (https://court.aifc.kz/) в соответствии с правом Республики Казахстан и регламентом Суда МФЦА (пункт 25.3 Генерального соглашения). До передачи спора в Суд МФЦА Стороны обязаны принять разумные меры к урегулированию путём переговоров в течение 15 (пятнадцати) Рабочих дней с даты направления претензии/ Клиент пен Контрагент арасында Мәмілеге және (немесе) осы Спецификацияға байланысты туындайтын барлық даулар Брокердің қатысуынсыз Астана халықаралық қаржы орталығының Сотында (https://court.aifc.kz/) Қазақстан Республикасының құқығына және АХҚО Сотының регламентіне сәйкес шешіледі (Бас келісімнің 25.3-тармағы). Дауды АХҚО Сотына бергенге дейін Тараптар шағым жолданған күннен бастап 15 (он бес) Жұмыс күні ішінде келіссөздер арқылы реттеу үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндетті.

Случаи неисполнения и Случаи прекращения обязательств по настоящей Сделке регулируются пунктами 17.1–17.2 и Разделом 18 Генерального соглашения. Расчёт Ликвидационной суммы при досрочном прекращении производится в соответствии с пунктами 18.1–18.4 Генерального соглашения и по форме Приложения № 3 к Генеральному соглашению/ Осы Мәміле бойынша міндеттемелерді орындамау жағдайлары мен міндеттемелерді тоқтату жағдайлары Бас келісімнің 17.1–17.2-

тармақтарымен және 18-бөлімімен реттеледі. Мерзімінен бұрын тоқтату кезінде Тарату сомасы Бас келісімнің 18.1–18.4-тармақтарына сәйкес және Бас келісімнің № 3 қосымшасының нысаны бойынша есептеледі.

IX. ЗАВЕРЕНИЯ И ПОДТВЕРЖДЕНИЯ ПО НАСТОЯЩЕЙ СДЕЛКЕ/ ОСЫ МӘМІЛЕ БОЙЫНША КЕПІЛДІК МӘЛІМДЕМЕЛЕР МЕН РАСТАУЛАР

В дополнение к общим заверениям, данным в пунктах 5.1 и 5.2 Генерального соглашения, и к раскрытию рисков, изложенному в Разделе 26 Генерального соглашения, Клиент (Покупатель) подписанием настоящей Спецификации подтверждает применительно к настоящей Сделке/ Бас келісімнің 5.1 және 5.2-тармақтарындағы жалпы кепілдік мәлімдемелерге және Бас келісімнің 26-бөліміндегі тәуекелдерді ашып көрсетуге қосымша, Клиент (Сатып алушы) осы Спецификацияға қол қою арқылы осы Мәмілеге қатысты мыналарды растайды:

(a) ознакомление с настоящей Спецификацией и пониманием в полном объёме коммерческих параметров Сделки, формулы расчёта Суммы Окончательного платежа, механики защиты капитала и участия в росте Корзины/ осы Спецификациямен танысқанын және Мәміленің коммерциялық параметрлерін, Түпкілікті төлем сомасын есептеу формуласын, капиталды қорғау және Себет өсіміне қатысу механизмдерін толық түсінетінін;

(b) понимание того, что Сделка предусматривает 100% защиту капитала, но Сумма Участия может оказаться равной нулю при отрицательной динамике Худшего Базового актива; в таком случае Клиент получает только Номинальную сумму сделки без какого-либо инвестиционного дохода/ Мәміле капиталды 100% қорғауды көздейтінін, бірақ Ең нашар Базалық активтің теріс динамикасы кезінде Қатысу сомасы нөлге тең болуы мүмкін екенін; мұндай жағдайда Клиент инвестициялық кіріссіз тек Мәміленің номиналды сомасын алатынын түсінетінін;

